8	Муратова Анаргүл Аскаровна	білімі арнаулы орта, Орал гуманитарлық-техникалық колледжі, 2014ж	мектепке дейінгі тәрбие және оқыту
9	Габдуллина Асемгул Нурлановна	білімі арнаулы орта, Орал гуманитарлық-техникалық колледжі, 2015ж	мектепке дейінгі тәрбие және оқыту
10	Бегналиева Раушан Еламановна	білімі арнаулы орта және жоғары, Ж.Досмухамедов атындағы педагогикалық колледжі, 2011ж	мектепке дейінгі тәрбие

11	Жайманова Есетовна	Венера	білімі арнаулы орта және жоғары, Ж.Досмухамедов атындағы педагогикалық колледжі, 2014ж.	мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу
12	Арыстахова Айзада Кадырбулатовна		білімі арнаулы, Ж.Досмухамедов атындағы педагогикалық колледжі, 2017ж	мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу
13	Сакташова Акжаркын Акжанковна		білімі арнаулы орта, Орал гуманитарлық-техникалық колледжі, 2015ж	мектепке дейінгі тәрбие және оқыту
14	Медресова Арайлым Марксовна		білімі арнаулы орта, Орал гуманитарлық-техникалық колледжі, 2011ж	мектепке дейінгі тәрбие
15	Тулеубаева Арайлым Молдабаевна		білімі арнаулы, Ж.Досмухамедов атындағы педагогикалық колледжі, 2017ж	мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу

5 жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау

№43 «Өркен» бөбекжайында «Инклюзивтік білім беру кабинетін құру туралы» Орал қаласы білім беру бөлімі ММ 2011 жылғы 14-қарашадағы №563Ө бұйрығына сәйкес инклюзивті білім беру кабинеті жұмыс жасауда. Инклюзивті білім беру кабинетінде логопед, дефектолог, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, қызмет атқарады. 2021-2022 оқу жылында №43 «Өркен» бөбекжайында инклюзивті білім беру кабинетінде ПМПК-нің қорытындысы негізінде 8 тәрбиеленуші қамтылды. Олардың ішінде 4 қыз бала, 4 ер бала.

ПМПК жолдамасы негізінде балалар тізімі жасақталып, жолдамалары мен қорытындылары жинақталып, зерттелген. Мамандар балаларға психологиялық - логопедиялық зерттеулер жүргізіліп, диагноздарына байланысты және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, жеке түзету - дамыту бағытында түрлі жұмыстар жүргізілді. Жылдық жоспарлар құрылып, бөбекжайдың жоспарына сәйкес тақырыптар қамтылған. Зерттеудің қорытындысы бойынша жеке дамыту бағдарламасы құрылған. Оқу қызметінің кестесі жоспарланып бекітілген. Сонымен қатар жыл басынан бастап жыл соңына дейін жеке түзету, дамыту, ағарту шаралары жүзеге асырылған. Көрнекіліктер мен тапсырмалар, дидактикалық материалдар жоспарға сәйкестендіріліп жинақталған. Ата-аналармен жұмыстану, балалары туралы мәліметтер алынып, үйден жұмыстану мақсатында кеңестер берілген. Балаларға әлеуметтік зерттеу картасы толтырылып, мамандардың педагогикалық консилиумға ұсынымдары жазылған. Балалардың әлеуметтік отбасы туралы мәліметтері жинақталып, сөйлеу тілінің анықтамасын толтырылды. Жыл соңында қорытынды есеп, психологиялық-дәрігерлік-педагогикалық консультация ММ-не мінездемелер жазылды.

6.Баланың даму мониторингі және нәтижелері:

2021-2022 оқу жылында «Қарлығаш» мектепалды даярлық топында жасақталған. Мектепалды даярлық тобында тәрбиешілер әр диагностика нәтижесін бақылау

парағында әр білім беру саласы бойынша толтырған. Бақылау парағында алынған мәліметтер негізінде Баланың жеке даму картасы жасалған. Баланың жеке даму картасының «Түзету іс-шаралары» бөлімін диагностиканың қорытындысы бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтар толтырған. Баланың жеке даму картасының «Қорытынды» бөлімінде диагностиканың әр кезеңінен кейін баламен жеке түзету жұмысын жүргізу үшін педагогикалық процестің міндеттері мен мазмұнын айқындаған.

7.«Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы іске асыру:

Білім беру салаларының өзара байланысуы балада қоршаған ортаның тұтас бейнесінің қалыптасуын қамтамасыз етеді. Білім беру салаларының мазмұнын кіріктіру балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес олардың міндеттерін біріктіру әдісімен іске асырылған. Мысалы, ұйымдастырылған оқу қызметін, сондай-ақ күн тәртібінің сәттерін өткізуде балалардың ауызекі сөйлеуін дамытуды, сөздік қорды толықтыруды, санауға, би қимылдарын қолданып, музыканың сүйемелдеуімен жаттығулар орындауға үйретуді жоспарлаған. Кіріктіру ұстанымын қамтамасыз ету балалардың танымдық белсенділігін дамытуға және қоршаған ортаны тұтас қабылдауға ықпал етеді. Сонымен қатар бөбекжай тәрбиеленушілері зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік бағыттағы конкурстарға қатысып, нәтижесінде түрлі номинациялармен, сертификат, алғыс хат, дипломдармен марапатталған.

№	Жетістік атауы	Түрі	Уақыты	Баланы наты- жөні	Жетекшісі	Тіркелу нөмірі
1	«Ана тілім - айбыным» Алғыс хат	Шығармашы-лық	2021ж	Жұмабай Жанерке	Рахметжанова Д.С. Бедеева Л.Р.	№5070
2	«Тәуелсіздік– ел тілегі» Алғыс хат	Шығармашы-лық	2021ж	Жұмабай Жанерке	Бедеева Л.Р.	№5663
3	«Поэзия әлемі» Сертификат	Шығармашы-лық	2022ж		Сакташева А.А.	№ 98
4	«Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» Алғыс хат	Шығармашы-лық	2022ж	Муса Ерман	Бедеева Л.Р.	№0381
5	«Заманауи дәстүрлі емес сурет салу техникасы» Диплом III-орын	Шығармашы-лық	2022ж	Абаева Д. Серікова С.	Бегналиева Р.Е.	№0649

8. Тәрбиеленушілердің даму мониторингісі (бастапқы мониторинг):

Әр жас тобында бағдарлама материалының мазмұнын игеруде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы 2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыныптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатын (2021 жылғы 26 шілдедегі №6хаттама) негізге ала отырып, сондай-ақ, Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг ұйымдастыру мен жүргізудің әдістемелік ұсынымдарын (2020 жылғы 28 қыркүйектегі № 5 хаттама) басшылыққа алған. Топтарда балалардың білім, білік, дағдыларының бастапқы мониторинг жүргізілген, балалардың жеке даму картасы толтырылған, баламен жүргізілетін түзету жұмыстары анықталған. Тәрбиешілердің Балалардың іс-әрекеті мен тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасында «Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс» бөлімі, баланың жеке даму картасына сай толтырылған. Бастапқы мониторингтен кейін түзету іс-шаралары баланың бағдарлама бойынша үлгермей, меңгермей жатырған тұстары бойынша жүргізіліп, апталық циклограммада көрсетілген. Оқу жылы бойынша мониторинг нәтижелері, жинақ есебі, балалардың жұмыстары жинақталған. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының мониторингі оқу жылының бастапқы, аралық, қорытынды бақылау диагностикасының нәтижелері бақылау парақтарында жазылған. Бөбекжайда балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын бақылау бойынша мониторинг материалдары қағаз (электронды) түрде сақталған. Стандарт талаптарына сай бала дамуының 3 деңгейі болуын қарастырған және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылған

Жиынтық есеп

балалардың біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы бақылау нәтижелері бойынша 2021-2022 оқу жылы

№	Топтың атауы	Бала саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1	«Балапан» кіші тобы	24	4	11	9
2	«Ақбота» кіші тобы	15	6	5	4
5	«Балбөбек» ортаңғы тобы	25	13	10	2
7	«Тұлпар» ересек тобы	19	3	12	4
8	«Айгөлек» ересек тобы	26	4	16	6
12	«Қарлығаш» мектепалды даярлық тобы	22	9	8	5
	Барлығы	131	39	62	30
Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 30%		Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 48 %		Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 22%	

9. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сақталуы:

2021-2022 оқу жылында 2020 жылғы 12 мамырдағы ҚР білім және ғылым министрінің №195 бұйрығына 1-қосымшасы, «ҚР мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған. Тәрбиеленушілер қызметінің түрін өзгертуді қамтамасыз ету үшін

ұйымдастырылған оқу қызметінің кестелерінің тұрақты тепе-теңдігі сақталып, құрылған. 2021-2022 оқу жылы бөбекжайда білім беру салалары бойынша тақырыптық жоспарларында оқу қызметінің жалпы көлемі сақталынған, перспективалық жоспарлары өтпелі тақырыпқа сай құрылған, оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттары тақырыпқа сәйкес жазылған.

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығы ұсынған «Мектепке дейінгі ұйымдарда үлгілік оқу жоспарының вариативтік бөлімін ұйымдастыру бойынша» (2016 жылғы

5 шілдедегі №5 хаттама) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 1 Қосымша (2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығы 1-қосымша) «1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» вариативтік бөлімі ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің шеңберінен шығатын басқа іс-әрекет түрлері (ойын, дербес, шығармашылық), тілдерді үйрету, жеке жұмыс бойынша жүзеге асырылады делінген және ортаңғы топқа 1сағат, ересек топқа 2 сағат, мектепалды даярлық тобына 3 сағат бөлінген.

Ортаңғы топта

Вариативтік бөлімдегі 1 сағаттың – 0,5с – «Өнерлі екен он саусақ» дәстүрден тыс сурет шығармашылық қызмет; 0,5с- «Жәндіктер патшалығы» жәндіктерге қомқорлық қызметі.

Ересек топта

Вариативтік бөлімдегі 2 сағаттың – 0,5с – «Өнерлі екен он саусақ» дәстүрден тыс сурет шығармашылық қызмет; 0,5с – «Кішкентай актерлер» шығармашылық актерлік шеберлік қызмет ; 1с – «Жәндіктер патшалығы» жәндіктерге қомқорлық қызметі ;

Мектепалды даярлық тобында – 1с – «Өнерлі екен он саусақ» дәстүрден тыс сурет шығармашылық қызмет; 1с – «Жәндіктер патшалығы» жәндіктерге қомқорлық қызметі ; 1с – «Асық ату» ұлттық ойындар.

Вариативтік бөлім бойынша:

«Кішкентай актерлер» ересек тобының оқу-тәрбие жұмысына мектепке дейінгі ұйымдарда үлгілік оқу жоспарының вариативтік бөлімін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарын басшылыққа алып, №36 «Балақай » бөбекжайы МКҚК тәрбиеші Р.С.Бахашеваның құрастырған қалалық білім беру бөлімінің сараптау комиссиясының отырысында 21 желтоқсан 2018 жылы № 2 хаттамасымен мақұлданған «Ертегілер арқылы балалардың тілдерін дамыту, көркем әдебиетпен таныстыру» және №36 «Балақай» бөбекжайы МКҚК тәрбиеші Ж.Қ.Сиряжеваның Бахашеваның құрастырған қалалық білім беру бөлімінің сараптау комиссиясының отырысында 16 наурыз 2018 жылы № 3 хаттамасымен мақұлданған «Ертегі арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын дамыту жолдары және ертегіні сахналауға бейімдеу» қосымша бағдарламасына сүйене отырып «Таным», «Шығармашылық», «Қатынас» білім беру салалары бойынша «Кішкентай актерлар» вариативтік компонент енгізілді.

«Өнерлі екен он саусақ» үлгілік оқу жоспарының вариативтік бөлімін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарын басшылыққа алып, №40 «Болашақ » бөбекжайы МКҚК директоры Ш.А.Айткалиева, әдіскер-инноваторы А.Е.Жумалиева, тәрбиешісі Ж.С.Хамиеваның құрастырған облыстық білім басқармасының сараптау комиссиясының отырысында 08 маусым 2018 жылы № 2 хаттамасымен мақұлданған «Өнерлі екен он

саусақ» әдістемелік құралға сүйене отырып «Таным», «Шығармашылық», «Қатынас» білім беру салалары бойынша «Өнерлі екен он саусақ» вариативтік компонент енгізілді. «Жәндіктер патшалығы» үлгілік оқу жоспарының вариативтік бөлімін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарын басшылыққа алып, №6 «Шолпан» бөбекжайының тәрбиешілері Р.Р.Рабасева мен Л.А.Нажуеваның құрастырған облыстық білім басқармасының сараптау комиссиясының отырысында 15.02.2019 жылы №3 хаттамамен мақұлданған «Мектеп жасына дейінгі балаларды жәндіктер әлемімен таныстыру арқылы танымдық-зерттеушілік дағдыларын дамыту» бағдарламасына сүйене отырып «Таным», «Қатынас», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша «Жәндіктер патшалығы» вариативтік компонент енгізілді.

«Асық ату» мектепалды даярлық тобының оқу-тәрбие жұмысына мектепке дейінгі ұйымдарда үлгілік оқу жоспарының вариативтік бөлімін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарын басшылыққа алып, №48 ЖОББМ дене шынықтыру пәні мұғалімі А.Т.Мырзагереевнаның және №12 ЖОББМ дене шынықтыру пәні мұғалімі А.Б.Кусайиновтың құрастырған облыстық білім басқармасының сараптау комиссиясының отырысында 15 сәуір 2019 жылы №2 хаттамасымен мақұлданған «Асық» ойыны» әдістемелік құралға сүйене отырып «Денсаулық», «Таным», «Қатынас», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша «Асық» ойыны» вариативтік компонент енгізілді.

• **Оқыту тілдері бойынша апталық жүктемесінің сақталуы:**

2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес «1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сай оқыту тілдері бойынша апталық жүктемесі дұрыс құрылған.

2021-2022 оқу жылында білім беру салалары бойынша:

Инварианттық бөлімде: «Ақбота», «Балапан» кіші топтарында (2 жастан бастап) «Денсаулық»-108, «Қатынас»-36, «Таным»-72,

«Шығармашылық»-108 сағатты құраған. Жылдық оқу жүктемесі-324 сағат. Барлық сағат саны -9, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы-10-15 минут.

«Балбөбек», ортаңғы тобында (3 жастан бастап),

«Денсаулық»-108, «Қатынас»-72, «Таным»-90, «Шығармашылық»-108, «Әлеумет»-18 және вариативтік компонент-36 сағатты құраған. Жылдық оқу жүктемесі-432 сағат. Барлық сағат саны -12, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы-15-20 минут.

«Тұлпар», «Айгөлек» ересек топтарында (4 жастан бастап) «Денсаулық»-108, «Қатынас»-90, «Таным»-90, «Шығармашылық»-126, «Әлеумет»-18 және вариативтік компонент-72 сағатты құраған. Жылдық оқу жүктемесі-504 сағат. Барлық сағат саны -14, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы-20-25 минут.

«Қарлығаш» мектепалды даярлық тобында (5 жастан бастап)

«Денсаулық»-108, «Қатынас»-180, «Таным»-90, «Шығармашылық»-180, «Әлеумет»-54 және вариативтік компонент-108 сағатты құраған. Жылдық оқу жүктемесі-720 сағат. Барлық сағат саны -20, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы-25-30 минут.

10.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға

қойылатын талаптар (тәрбиеленушілердің ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жүргізілген сауалнама нәтижелері қоса беріледі).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптарды тексеру мақсатында бөбекжайдың мектепалды даярлық «Қарлығаш» тобында (22 бала) 22 ата-анаға сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесі бойынша ата-аналар 100% тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған.

11.Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

-МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметінде жас топтары бойынша меңгеруге тиіс білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің көлемін игеру мақсатында №43 «Өркен» бөбекжайында ұйымдастырылған оқу қызметтері өткізіліп отырды: «Денсаулық» білім беру саласы бойынша - «Күзгі жолдар үстіндегі ойындар», тақырыптарында ұйымдастырылған оқу қызметтері (одан әрі ҰОҚ) өткізген ересек тобының тәрбиешісі Бегналиева Р.Е. «Допты беру, алу» өткізген ересек топ тәрбиешісі Уткелбаева Н.С.; «Қатынас» білім беру саласы Сөйлеуді дамыту ҰОҚ «Жабайы жануарлар» өткізген мектеп алды даярлық тобының тәрбиешісі Бедеева Л.Р., Көркем әдебиет ҰОҚ «Алақай қыс келді» өткізген «Балбөбек» ортаңғы топ тәрбиешісі Сақташева А.А., «Таным» білім беру саласы бойынша Математика негіздері, Сенсорика ҰОҚ «Түрлі түсті ғажайыптар» өткізген «Ақбота» кіші тобының тәрбиешісі Шарипкалиева Ш.Ж.; «Теңіздер мен мұхиттар әлемі» өткізген «Балапан» кіші тобының тәрбиешісі Жайманова В.Е.; «Теңіз әлеміне саяхат» өткізген «Балбөбек» тобының тәрбиешісі Медресова А.М., «Математика ертегі әлемінде» өткізген «Тұлпар» ортаңғы тобының тәрбиешісі Муратова А.А.; «Шығармашылық» білім беру саласы бойынша Музыка, Жапсыру, Мүсіндеу, ҰОҚ «Аспан әлеміне саяхат» өткізген «Балапан» кіші тобының тәрбиешісі Арыстахова А.К.; «Аспан планеталары» өткізген «Ақбота» кіші тобының тәрбиешісі Тулеубаева А.М.; «Сиқырлы дыбыстар» музыка жетекшісі Айткожакова Д.А.; «Әлеумет» білім беру саласы бойынша қоршаған ортамен танысу ҰОҚ «Бізді қоршаған әлем» «Айгөлек» ересек тобының тәрбиешісі Габдулина А.Н. ; «Жәндіктер әлеміне саяхат» мектеп алды даярлық тобының тәрбиешісі Умутаева Ж.Ж

Бөбекжай педагогтері ұйымдастырылған оқу қызметі мен күн тәртібі сәттерінің білім беру міндеттерін анықтауда тәсілдерді өзгертіп, балаларды өз бетінше шешім қабылдау үшін жағдайлар қарастырылып, балаларға ойлануға, сөйлеуге, зерттеуге, белгілерді санауға және оларға бағдарлануға, шығармашылық жұмыстарда өзінің қиялына ерік беруге мүмкіндіктер берген.

Жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілердің жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелерінің болуы.

2021-2022 оқу жылында 2020 жылғы шыққан Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы базасында әзірленген «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары негізінде» барлық топтарда тәрбиеленушілердің қорытынды даму мониторингі жүргізілді.

«Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша күтілетін нәтижелерге сәйкес олардың физикалық, зияткерлік және жеке қасиеттерін талдау арқылы стандарт талаптары бойынша бала дамуының 3

деңгейі болуын қарастырған және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылған. Бағаланған кезеңге мониторингтің көшірмелері қосымша берілген.

Жиынтық есеп

Балалардың біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы, аралық, қорытынды бақылау нәтижелері бойынша №43 «Өркен» бөбекжайы 2021-2022 оқу жылы

№	Топ атауы	Бала саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1	«Ақбота» ерте жас тобы	11	0	2	9
2	«Ақбота» кіші тобы	11	0	1	10
3	«Балапан» кіші тобы	23	0	2	21
4	«Балбөбек» ортаңғы тобы	25	0	1	24
5	«Тұлпар» ортаңғы тобы	3	0	1	2
6	«Тұлпар» ересек тобы	17	0	1	16
7	«Айгөлек» ересек топ	22	0	1	21
8	«Қарлығаш» мектепалды даярлық тобы	22	0	1	20
	Барлығы:	134	0%	8%	91%
			Төмен деңгейдегі балалардың үлесі- 0%	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі - 8%	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі - 91%

Қорытынды мониторинг нәтижелерін бастапқы, аралық мониторинг нәтижелерімен салыстырмалы талдау бойынша балалардың біліктері мен дағдылары көрсеткіштерінің өсуі байқалды.

Балалардың бес білім саласы бойынша біліктері мен дағдыларын дамыту, бағдарламаны меңгерту мақсатында, ұйымдастырылған оқу қызметтері, түрлі іс-әрекеттер өткізіліп, жеке түзету жұмыстары жалғастырылуда.

12.Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

2021-2022 оқу жылында бөбекжай тәрбиеленушілерінің жас кезеңдері сақталған және топтар бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жасақталған. 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында бөбекжайдан шығарылып және қабылданған балалар саны сәйкес келеді.

2021-2022 оқу жылы

Р/с	Топтың атауы	Жас кезеңдері
-----	--------------	---------------

1	Ақбота	Кіші тобы
2	Балапан	Кіші тобы
3	Балбөбек	Ортаңғы топ
4	Тұлпар	Ересек топ
5	Айгөлек	Ересек топ
6	Қарлығаш	Мектепалды даярлық тобы

№43 «Өркен» бөбекжайы МКҚК өзін-өзі бағалау қорытындысы: 2021-2022

оқу жылында бөбекжай тәрбиелеу-білім беру қызметін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығы); Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығына 1-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 1-қосымша); Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығы) сәйкес жүзеге асырылуда. Бөбекжайда мектеп жасына дейінгі балаларға педагогикалық және психологиялық жағдай толығымен жасалған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіз ұстанымдары қамтамасыз етілген. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани- адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша бөлінуін растайтын құжаттардың, күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспарлар, жылдық жоспарлар бар. МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта толық мазмұнды, өзгермелі, көпатқарымды, вариативті, қолжетімді және қауіпсіз. Пәндік-кеңістіктік дамытушы орта әрбір жас кезеңінің ерекшеліктеріне сәйкес балаларды дамыту мен тәрбиелеуге арналған заманауи дидактикалық материалдар мен жабдықтарды қолдана отырып, Үлгілік бағдарлама мазмұнын тиімді іске асыруға, балалардың ойын, танымдық, зерттеу, шығармашылық және қимыл белсенділігін қамтамасыз етуге жағдай жасалған. Пәндік-кеңістіктік дамытушы ортада балаларды қоршаған ересектер мен балалармен өзара ықпалдастықта эмоционалдық жағдайын жасауға және балалардың өз ойын білдіруге мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған. МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасы талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтар қызмет атқарады.

Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы қыркүйек айында, аралық-қаңтарда және қорытынды-мамыр айында)

2021-2022 оқу жылында №43 «Өркен» бөбекжайында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптары орындалған.

№43 «Өркен» бөбекжайы МКҚК өзін-өзі бағалау комиссиясының шешімімен бағалау өлшемшарттарына өлшеуіштерді бағалаудың нәтижесі комиссиямен Бағалау өлшемшарттардың 5-қосымшасына сәйкес бағаланды. Комиссияның дауысқа салуымен өзін-өзі бағалау нәтижесі «үздік» деп бағаланды.

Алдағы жылдарға даму перспективасы жоспарлануда:

Даму перспективасының мақсаты:

Мектепке дейінгі жастағы балалардың жеке, жас ерекшелік қабілетінің ашылуына жағдай жасау, жалпыадамдық және ұлттық құндылықтарға негізделген баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін білім жүйесін қалыптастыру, ана тілінің базалық құндылықтарын меңгерген, айналасымен ауызша және ауызша емес құралдармен жұмыс істеуге қабілетті мектеп жасына дейінгі тұлғаны тәрбиелеу, сондай-ақ балалардың мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік, физикалық және зияткерлік дайындығын арттыру.

Даму перспективасының міндеттері:

- бала бойында маңызды, шешуші құзыреттіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік туғызатын қолайлы пәндік-дамытушы ортасын құру;
- тәжірибелік, танымдық, шығармашылық іскерлігі мен басқа да бала әрекеті түрлерін қалыптастыру;
- ұлтжандылық пен халқымыздың мәдени-тарихи дәстүрлері негізінде тәрбиелеу арқылы бала бойына жалпыадамдық, мәдени және адамгершілік құндылықтарды дарыту;
 - мемлекеттік тілді меңгеруге қызығушылығын тәрбиелеуге жағдай жасау;
- баланы дүниежүзілік және жалпыұлттық құндылықтар рухында тәрбиелеу мақсатында отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның бірлескен мүмкіншіліктерін пайдалану;
- әр баланың тұлғалық қасиеті және оны ауыспалы өмір жағдайында әрі қарай сәтті дамыту мақсатында өзін-өзі тану, өз ойын еркін білдіру және оны іске асыру дағдыларын жетілдіру;
- салауатты өмір салты негіздерін қалыптастыру мақсатында баланың толыққанды физиологиялық дамуын қамтамасыз ету үшін қолайлы кеңістік құру;
 - әр баланың интеллектуалдық қабілеттері мен шығармашылық әлеуетін дамыту;
 - мектепте білім алуға жан-жақты дайындау.

Күтілетін нәтиже:

- балаларда басты құзыреттіліктер қалыптасқан: талапшыл, жауапкершілігі мол, белсенді, білімқұмар, өзін бағалай алады, шығармашылық қабілеті және дағдысы дамыған;
- тілдік минимум шегінде мемлекеттік, ана тілі және басқа тілдерде қатынас жасауды меңгерген;
- білім беру мазмұны мен технологиясын жаңарту;
- білім беру әрекетінің жаңа құрылымын құру;
- жеке тұлғаға бағдарланған пәндік-дамытушы ортасын жасақтау;
- Балаларды салауатты өмір сүру салтына тәрбиелеу;
- Инновациялық тәртіпке көшу;

Өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері:



М.А. Джубаева
Д.С. Рахметжанова
Г.А. Жангалиева
Л.Р. Бедесва
А.М. Медресова